

## Жер салығы ставкаларының түзету коэффициентінің мөлшері туралы

### *Күші жойған*

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихаты 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 12/149 шешімі. Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 мамырда N 11-5-78 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 08 шілдедегі № 3/35 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 08.07.2016 № 3/35 шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 – II Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексіне (Салық кодексі) сәйкес аудандық Мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Жер салығы ставкаларына түзету коэффициентінің мөлшері жалғанған қосымшаға сәйкес бекітілсін (жалғанды).

2. Аудандық Мәслихаттың 18.08.2005 жылғы N 13/98 "Жер салығының базалық ствкалары туралы" (аудандық әділет басқармасында 9 қыркүйек 2005 жылы N 11-5-10 тіркелген, "Жаңа өмір" газетінің 28 қыркүйек 2005 жылғы N 41 санында жарияланған ) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алған ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,	
Маңғыстау аудандық	
Мәслихатының хатшысы Ж. Жапақов	

Аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 15 сәуірдегі  
"Жер салығы ставкаларының түзету коэффициентінің мөлшері туралы" N 12/149 шешіміне қосымша

## Жер салығы ставкаларының түзету коэффициентінің мөлшері

Аймақтары	Аймақтарға кіретін шағын аудандар мен басқа да құрылымдардағы субъектілер атауы	Ұсынылған аймақтарға сәйкес түзету коэффициенті
-----------	---	---

1	2	3
1	Аудан шегіндегі өнеркәсіптік жұмыс түрлерімен шұғылданатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін	1,5
2	Аудан шегіндегі ауыл шаруашылығына пайдалануға берілген жерлерді пайдаланушы заңды тұлғалар мен шаруа қожалықтары үшін	1,3
3	Аудан шегіндегі жеке тұлғалардың үй жайлары мен қосымша пайдаланудағы жерлері үшін	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК